

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру

(жас мамандарға тәлімгерлік тәжірибе алмасу дәрісі)

Тәлімгер: педагог-зерттеуші, Курманалиева Д.К, Ром Ә

Ұйымдастырушы:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Л.К Бердакова

Өткізілген уақыты: Қазан айы

Семинардың тақырыбы: Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру

Мақсаты:

Қысқа мерзімді сабақ жоспарының құрылымы мен мазмұнын меңгеру, оқу мақсатын негізге ала отырып сабақ мақсатын дұрыс құра білу;

Нақты оқу мақсаттарына сүйене отырып, тиімді тапсырмалар мен бағалау критерийлерін құрастыруға үйрету;

Өту барысы: түсіндіру, талдау, топтық жұмыс тапсырмалар орындау

ТИІМДІ САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- ✓ Жеке сабақтың тізбектелген сабақтар топтамасындағы маңызы мен орнының нақтылануы
- ✓ Оқу мақсаттарының және оған жету қадамдарының нақты анықталуы
- ✓ Оқу бағдарламасының талаптары мен сабақтың мақсатына сәйкес мазмұнды сабақтың болуы
- ✓ Сабақтың жекелеген кезеңдерінде және сондай-ақ бүкіл сабақ бойында оқушылардың меңгерген білік-дағдылары мен білім деңгейлерінің жоспарлануы;
- ✓ Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптасатырып, дамытуға негізделген оқу құралдары мен әдіс-тәсілдердің тиімді түрлерін таңдау;
- ✓ Сабақта оқушының жеке жұмысы мен бірлескен оқу формаларының тиімді қолданылуы;
- ✓ Оқушының өз бетінше білімді игеруіне барлық мүмкіндіктердің қарастырылуы;
- ✓ Әрбір оқушының мүмкіндіктері мен қажеттілігінің ескерілуі;
- ✓ Сабақта дидактика қағидаттарының жүзеге асуы;
- ✓ Сабақта оқушы үшін табысты оқу ортасының қалыптастырылуы
- ✓ Сабақта жедел кері байланыстың жүзеге асуы
- ✓ Сабақта жоғары қарқын және белсенді процестің болуы
- ✓ Көтеріңкі эмоциялық көңіл-күйдің болуы

ЗАМАНАУИ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?

- Мұғалім алдымен дайындық жұмыстарын жүргізеді:
- осы сабақтың оқу бағдарламасындағы орнын, сабақтар топтамасындағы орнын анықтайды
- пән бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды
- тақырыпқа байланысты негізгі ұғымдарды зерттейді
- өткен және келесі сабақтарға шолу жүргізеді, осы сабаққа байланысты идеяларды толықтырады және қорытады

Сабақ жоспарлау

- Оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарынан оқу мақсатын таңдау;
- Сабақ тақырыбын анықтау;
- Сабақтың мақсатын қою (таңдаған оқу мақсаттарына сәйкес);
- Бағалау критерийлерін анықтау;
- Қалыптастырушы бағалауды тиімді ұйымдастыру үшін дескрипторлары бар сараланған тапсырмаларды әзірлеу;

- Сабақ мазмұнын іріктеу және ресурстарды дайындау;
- Белсенді оқыту әдістері негізінде оқушылардың жеке, жұптық және топтық қызметін жоспарлау;
- Қалыптастырушы бағалаудың түрлері (өзін-өзі, жұпта, топта) мен әдістерін жоспарлау;

Бөлім:	5.2А Жай бөлшектерге амалдар қолдану			
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)				
Күні:				
Сынып:	5			
Пәні	Математика			
Сабақтың тақырыбы:	Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	5.1.2.16 Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; Жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру;			
Сабақтың мақсаты	- Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіре алады; - Бөлімдері бірдей және бөлімдері әр түрлі бөлшектерді салыстыра біледі;			
Сабақтың кезеңі//уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, үй жұмысын тексеру, оқушылардың назарын сабаққа аудару	Сұраққа жауап беру, т.б		Оқулық, көрнекі құрал, т.б
Сабақтың ортасы	Оқулықпен жұмыс Деңгейлік тапсырмалар :	Берілген тапсырманы орындайды Берілген тапсырманы орындайды, талдайды, дұрыстығына көз жеткізеді	Дескриптор: 1. 2. 3. Дескриптор: 1. 2.	Оқулық, карточкалар, интербелсенді тақта т.б
Сабақтың соңы (5 мин)	Қорытындылау Кері байланыс Бағалау		1-10 балл	Оқулық, көрнекі құрал, т.б

ДЕСКРИПТОР - тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама

- ✓ Дескрипторлар тапсырманы орындауда оқушыға нақты қай жерде қиын болғанын анықтауға мүмкіндік береді.
- ✓ Бұл оқушыларға тиімді кері байланыс беруге және қайталап оқуға арналған бағдарламалық материалдың қажетті көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды: Семинарға қатысқан жас мандар 3 топқа бөлініп әр топ өздеріне берілген тақырып бойынша оқу мақсатынан сабақ мақсатын шығарып, оқу мақсатына сәйкес тапсырмалар құрастырып дескрипторын құрды. Орындаған тапсырмаларын ортада қорғалып, талданды.

